

**«Атамекенім, туған жерім – Қазақстан!» атты жастар арасындағы
республикалық шығармашылық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

Мемлекет басшысы Н.А.Назарбаевтың 2008 жылдың 14 мамырындағы ХДП «Нұр Отан» ЖҚ «Жас Отан» I Съезінде берген тапсырмасын орындау барысында жастардың Отан игілігі үшін мейірімді істерін жүзеге асыру негізінде «Жастар – Отанға!» арнайы бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама тұжырымдамаларының бірі - жастардың туған жеріне патриоттық сезімін арттыру, өз Отанына, яғни Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін арттырып, мемлекеттің мәдени, тарихи қалдықтарын жаңарту, табиғи көрнекті орындарын көрсету болып табылады.

«Атамекенім, туған жерім – Қазақстан!» атты жастар арасындағы республикалық шығармашылық байқауы (одан әрі - Байқау) жастардың шығармашылық әлеуетін кеңейтуін, мемлекетіміздің жас таланттарымен әр тараптарда жұмыс істеуін қарастырады.

Байқау Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған.

2. Байқаудың міндеті мен мақсаты

Байқаудың мақсаты: жалпы халықтың, оның ішінде жастардың назарын Қазақстан Республикасының табиғи көрнекті орындарына, тарихи маңызды ескерткіштеріне, мәдениет пен сәулет құрылысына аудару.

Байқаудың міндеті:

- байқауға қатысушылардың өз туған жеріне, азаматтығына, патриоттық және тарихи сабақтастықтарға деген мақтаныш сезімін арттыру;
- оқытушыларды, жастар ұйымдарының басшыларын белсенді шығармашылық жұмысқа мобилизациялау.
- шығармашылық арқылы Қазақстанның аса маңыздылығын көрсету;
- байқау қатысушыларының жұмыстарын, олардың мүмкіншіліктерін қарастыру, Отанға деген сүйіспеншіліктерін шығармашылық арқылы қалай көрсететінін бағалау;

- байқау аяқталғаннан кейін жастардың шығармашылық жұмыстарын көрмеге шығару
- номинациялар бойынша үздік жұмыстарды жариялап әдейі жинаққа енгізу

Осы міндеттерді атқару үшін, байқауға баспа және электрондық БАҚ, регионалдық БАҚ шақыруға тиіс

3. Байқаудың кезеңдері мен мерзімі

Байқау 2009 жылдың 9 қазанынан 16 желтоқсанға дейін өтеді. 2009 жылғы 16 желтоқсанда авторларды марапаттау рәсімі мен ең үздік жұмыстар көрмесі өткізіледі.

Әр номинациядағы жұмыстар, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының табиғи, мәдени көрнекті орындарына бағытталуы керек.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Ең үздік сурет»
- «Ең үздік ән»
- «Ең үздік өлең»
- «Ең үздік фото бейне»
- «Ең үздік дизайнерлі ұлттық қазақша киім»

4. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

Байқауға 14-тен 29 дейін жас аралығындағы шығармашыл кәсіби және әуесқой жастар қатыса алады.

Байқауға, 2009 жылы 30 қазанға дейін a.batalova@mail.ru электрондық мекен-жайына өтініш берген адамдар жіберіледі немесе Астана қ., Д. Қонаев к., 12/1 ХДП «Нұр Отан» орталық аппаратының 106 кабинетіне (Қосымша 1).

5. Байқаудың қазылар алқасы мен үздік жұмыстарды анықтау

Әрбір тиісті сала номинациясы жұмысқа қатысушы, өз маманынан аймағына байланысты номинацияға ұсыныс ұсынуы тиіс.

Байқауды ұйымдастырушылардың ең үздік жұмыстарын таңдап алу үшін байқау комиссиясы жасақталып, оның ішінде Қазақстан Республикасының жетекші өнер мамандары, ЖҚ «Жас Отан» атқарушы хатшылығының қызметкерлері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ЖҚ «Жас Отан» Орталық Кеңес мүшелері кіреді.

6. Жұмыс өлшемдерін бағалау

«Ең үздік сурет» номинациясы

Туған жерінің сұлулығын бейнелейтін сурет салуы қажет.

Жарыс тақырыптарының шеңберіндегі шығармалардың стилін, орындаудың формасын, өлшемінің таңдалынуы еркін.

«Ең үздік ән» номинациясы

Ән 5 минуттан аспайтын, өзінде музыкалы-поэтикалық шығармашылық болуы керек.

Клип түсіруге де болады. Ән өз мағынасында автордың патриоттық сезімін ашып, туған жеріне, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін көрсетуі керек. Әні мен сөзі ашық мінезді оптималды, ән жолдары 2 тармақтан және қайырмасынан кем болмауы керек.

Автор өз шығармашылығын электронды тасығыш түрде MP3 форматта (дискі) көрсетуі тиіс.

Әннің мәтіні мен нотасын мәтіндік және электрондық форматта әкелуі қажет.

Әннің мәтіні мемлекеттік немесе/және шетелдік қатынаста болуы мүмкін.

«Ең үздік өлең» номинациясы

Әр жанрдағы өлеңдер қабылданады.

Өлеңнің басты идеясы—туған жерінің сұлулығын сипаттау.

Өлең көлемі –30 жолдан кем болмауы керек.

«Ең үздік фото бейне» номинациясы

Бейне Қазақстан Республикасының табиғи, мәдени, сәулет құрылысының көрнекті орындары бейнелеуі керек.

Бейне жұмыстары жолдама хатымен, түпнұсқа түрінде және сонымен қатар электронды түрде: 300 dpi кем емес, фото өлшемі – 2-3 Мб. болуы керек.

«Ең үздік дизайнерлі ұлттық қазақша киім» номинациясы

Бұл номинацияда бір жұп ер киімі, бір жұп әйел киімі ұлттық стильде жасалынуы керек. Шығыс әдісі бойынша креативті жасанды сәнімен аралас шығармашылықтар қарастырылады.

Дизайн жұмысының басты міндеті – бұл қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне қарап жасау.

Дайын костюмге эскизін қою қажет.

7. Қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша, байқау комиссиясы әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіз күніне арналып, Астана қаласында өтеді.

Қорытындысы бойынша ең үздік шығармашылық жұмыстар көрмеде көрсетіледі.

**«Атамекенім, туған жерім – Қазақстан!» атты жастар
арасындағы республикалық шығармашылық
байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

| | |
|---|--|
| Толтыру күні: | |
| Шығармашылықты тағайындайтын автор туралы мәлімет | |
| Автордың тегі, аты, жөні | |
| Автордың жасы | |
| Оқу орны/жұмыс істейтін жері | |
| Толық пошталық мекен жайы мен байланыс телефондары | |
| Индексі | |
| Мекен жайы | |
| Үй телефоны | |
| Ұялы телефоны | |
| Жұмысы туралы мәліметтер | |
| Жұмыстың атауы | |
| Жұмысқа анықтама | |
| Номинациялар | |
| «Ең үздік сурет» | |
| «Ең үздік ән» | |
| «Ең үздік өлең» | |
| «Ең үздік фото бейне» | |
| «Ең үздік ұлттық киім» | |

